

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 11 (9329) | 1954 жылғы 16 январь Сенбі | Шығуына 34 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Ауыл-село еңбекшілерінің мәдени-тұрмыс қажетін тыңғылықты өтейік

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының «ССРО ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету шаралары туралы» тарихи қаулысында колхоздарды ұйымдық-шаруашылық жағынан нығайтып, егін және мал шаруашылығын онан әрі өркендету, оның өнімділігін арттыру сияқты колхозшы шаруалардың әл-ауқат дәрежесін жақсартуға бағытталған маңызды шараларды жүзеге асыру қарастырылды. Мұның өзі партия мен үкметтің совет халқының күн санап өсіп отыратын тұрмыстық және мәдени талаптарын үнемі тыңғылықты өтеп отыруға деген қамқорлығының жаңа бір айқын айғағы болып табылады.

Коммунистік партия мен Совет Үкметінің социалистік ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету мәселесіне жете мән беріп, қамқорлық көрсетіп отыруының нәтижесінде колхоздар егін шаруашылығының мәдениетін арттыруда, қоғамдық мал шаруашылығын өркендету ісінде жылдан-жылға жаңа табыстарға ие болып келеді. Осыған байланысты колхозды ауыл-деревня еңбекшілерінің әл-ауқат күші жақсарып, мәдени-тұрмыстық тілектері арта түсіп отыр. Олай болса, партия, совет ұйымдары колхозды ауыл-деревня еңбекшілерінің мәдени-тұрмыстық қажетін үнемі мінсіз өтеп отыру, барлық мәдени-ағарту мекемелері мен сауда, денсаулық сақтау орындары жұмысының колхозшы шаруалардың мәдени-тұрмыстық және рухани тілегіне сай жүргізілуін қамтамасыз етулері керек.

Бүгін еліміздегі сияқты облысымыздың колхозды ауыл-деревняларының мәдени бейнесі жылдан-жылға көркейіп, колхозшы шаруалардың мәдени және әл-ауқат күйі жақсара түсуде. Көзір клубы, оқу үйі, кітапханасы, мектебі, дәрігерлік пункті, сауда орны жоқ колхоздар облысымызда кемде-кем. Көптеген колхоздардың өз электр станциясы, радиоторабы, дүрмені бар.

Ауыл-село еңбекшілерінің өскелең мәдени және рухани тілегін, тұрмыстық қажетін күнбе-күн тыңғылықты өтеп отыру ісі бірқатар жерлерде ойдағыдай жолға қойылған. Мәселен, Полудень ауданындағы Бугрово селолық Советі Молотов атындағы колхоз орталығына орналасқан. Селолық Совет, оның депутаттары колхозшылардың мәдени және тұрмыстық қажетін өтеу үшін қажетті шараларды жүзеге асыруда белсенділік танытып отыр.

руі, көркемөнершілердің концерттері тымдауы үшін де ешқандай мүмкіншілік жасалмаған. Бригададағы қоғамдық мейнаның өзін колхоз басшылары күс қобасына айналдырған. Мұның өзі колхозда малшылардың тұрмыстық қажетін өтеуге немқетті қараушылықтың орын алып отырғандығын дәлелдейді.

ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитетінің «Совет саудасын онан әрі өркендету шаралары туралы» қаулысы советтік сауданы жақсарту шараларын белгілеп берді. Алайда ауыл-селода тұтынушыларды күнбе-күнгі тұрмысқа қажетті товарлармен қамту ісінде де елеулі кемшіліктерге жол беріліп келеді. Мұндай кемшіліктер, әсіресе, Ленин, Октябрь, Преснов аудандарының көптеген селолық тұтынушылар қоғамдарының жұмысында байқалып отыр.

Ленин ауданындағы Корнеевка селолық тұтынушылар қоғамы өзінің қамтуындағы колхоздарды үй шаруасына еректе заттармен қамтып алмай отыр. Ал, осы аудандағы Калинин атындағы колхоздың сатушысы К. Сатыбалдина жолда сауда жұмысын тұтынушылардың тілегіне сай ұйымдастырмай келген.

Колхозшыларды мәдениетті қамтуда, оларға коммунистік тәрбие беруде советтік киноның атқаратын ролі өте-өте зор. Алайда, бірқатар жерлерде жылжымалы кинолардың жұмысы колхозшылардың кино көруге деген тілегіне сай ұйымдастырылмаған. Октябрь, Совет, Ленин аудандарының мәдениет бөлімдері ауыл-селода кинофильмдердің жоспарды түрде үнемі көрсетіліп тұруын әлі күнге дейін қамтамасыз ете алмай отырғандығы, міне, осыны көрсетеді.

Социалистік ауыл шаруашылығымыз үздіксіз өркендеп, колхозшылардың мәдени-тұрмыстық тілектерінің өсіп отыруы колхозды ауыл-деревня еңбекшілерінің мәдени-тұрмыс жағынан қамту ісінің күн санап жақсартылуын талап ететіндігі өзін-өзі түсінікті. Олай болса, ауыл-деревняда клубтардың, оқу үйлерінің, кітапханалар мен қызыл мүйіздердің жұмысын колхозшылардың, МТС, совхоз жұмысшыларының күнбе-күн өсіп отырған мәдени және рухани тілегін ойдағыдай өтей алатын дәрежеге жеткізу керек. Оларға саяси және мәдени жағынан қажетті

ССРО Жоғарғы Советінің сайлауын өткізетін Орталық сайлау комиссиясының құрамына кандидаттар ұсыну

Латвия Совет жазушыларының Одағы А.О.АБЗАЛОН-САКСЕ жолдастың кандидатурасын ұсынды

РИГА, 14 январь. (СОТА). Латвия Совет жазушылар Одағында ССРО Жоғарғы Советінің сайлауын өткізетін Орталық сайлау комиссиясының құрамына кандидат ұсынуға арналған кеңейтілген мәжілісі болды.

Мәжілісі кәсіподақтың Орталық Комитетінің председателі Лебедев жолдас ашып, ССРО Жоғарғы Советінің болғалы отырған сайлауының орасан зор саяси маңызын атап көрсетті.

Орталық сайлау комиссиясының құрамына СОКП Орталық Комитетінің жанын-

Абзалон-Саксе жолдастың кандидатурасын ұсынды.

Абзалон-Саксе жолдастың кандидатурасын жыйналыста сөз сөйлеген акын М. Брома, жазушы Н. Задорнов және басқалары қызу қуаттады. Жыйналыс бірауыздан мынадай қарар қабылдады: «ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы туралы Ереженің» 36-статьясына сәйкес Анна Оттовна Абзалон-Саксенің кандидатурасы Латвия Совет жазушылары Одағынан ССРО Жоғарғы Советінің сайлауын өткізетін Орталық сайлау комиссиясының құрамына кандидат болып ұсынылсын және ССРО Жоғарғы Советінің Президиумынан Абзалон-Саксе жолдасты Орталық сайлау комиссиясының мүшесі етіп бекіту сұралсын».

М. Ю. ЕВЕЦ жолдас — Куйбышев СЭС-і құрылысшыларының кандидаты

КОМСОМОЛЬСК ПОСЕЛОП. (Куйбышев облысы), 14 январь. (СОТА). Куйбышев СЭС-і құрылысшыларының Комсомольск поселогінде ССРО Жоғарғы Советінің сайлауын өткізетін Орталық сайлау комиссиясының құрамына кандидат ұсынуға арналған жыйналыс болып өтті. Су электр станциясының құрылысшылары инженер Лебелский жолдасты Ор-

ССРО Жоғарғы Советінің сайлауына әзірлік еліміздің еңбекшілерінің арасында өндірістік және саяси зор өрлеу туғызады, оларды Коммунистік партия мен Совет Үкметінің төңірегіне бұрынғыдан да тығыз топтастыра түседі.

Облыс еңбекшілері! Сайлау құрметіндегі социалистік жарысты кеңінен өрістетіп, сүйікті Отанымыздың игілігі үшін еңбек майданында жаңа табыстарға жетейік!

М. Ф. ШКИРЯТОВ жолдас — мәдениет қызметкерлері кәсіподағының кандидаты

Мәдениет қызметкерлері кәсіподағының Орталық Комитеті Президиумының ССРО Жоғарғы Советінің сайлауын өткізетін Орталық сайлау комиссиясының құрамына кандидат ұсынуға арналған кеңейтілген мәжілісі болды.

Мәжілісі кәсіподақтың Орталық Комитетінің председателі Лебедев жолдас ашып, ССРО Жоғарғы Советінің болғалы отырған сайлауының орасан зор саяси маңызын атап көрсетті.

Орталық сайлау комиссиясының құрамына СОКП Орталық Комитетінің жанын-

А. А. СУРКОВ — Совет жазушыларының кандидаты

ССРО Совет жазушылары Одағы секретариатымен москвалық әдебиетшілер активінің басқосқан кеңейтілген мәжілісі болып өтті.

Мәжілісті ССРО Совет жазушылары Одағы басқармасының секретары Н. М. Грибачев ашты. Сталиндік сыйлықтың лауреаты, акын Н. С. Тихонов сөз алды. Ол ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы жөнінде басталған сайлау науқанының зор саяси маңызы туралы айтты.

Н. С. Тихонов ССРО Жоғарғы Советінің сайлауын өткізетін Орталық сайлау комиссиясының құрамына ССРО Совет жазушылары Одағы басқармасының секретары, акын Алексей Александрович Сурковты кандидат етіп ұсынды. Бұл ұсынысты

Қырғыз колхозшыларының кандидаты — Өлмесхан АТАБЕКОВА

БАЗАР-ҚОРҒАН. (Қырғыз ССР), 14 январь. (СОТА). Кеше Джалал-Абад облысы Базар-Қорған ауданы, Фрунзе атындағы ауылшаруашылық артелінің колхозшылары ССРО Жоғарғы Советінің сайлауын өткізетін Орталық сайлау комиссиясының құрамына кандидат ұсынуға арналған жыйналыс болып өтті.

дағы Партия Бақылау Комитетінің председателі — Матвей Федорович Шкирятов жолдасты кандидат етіп ұсыну жөнінде ұсыныс енгізілді.

Мәжіліске қатысушылар ұсынылған кандидатураны бірауыздан қолдады. ССРО Жоғарғы Советінің сайлауын өткізетін Орталық сайлау комиссиясының құрамына мәдениет қызметкерлері кәсіподағынан М. Ф. Шкирятов жолдасты ұсыну жөнінде бірауыздан қарар қабылданды.

(СОТА).

жазушылар Л. В. Никулич, В. Н. Ажаев, Г. Д. Мдивани, А. А. Первенцев, А. А. Караваева қызу қуаттады.

Бірауыздан мынадай қаулы қабылданды:

1. ССРО Совет жазушылары Одағынан ССРО Жоғарғы Советінің сайлауын өткізетін Орталық сайлау комиссиясының мүшелігіне Алексей Александрович Сурков жолдас кандидат болып ұсынылсын;

2. ССРО Жоғарғы Советінің Президиумынан А. А. Сурковты ССРО Жоғарғы Советінің сайлауын өткізетін Орталық сайлау комиссиясының мүшесі етіп бекіту сұралсын.

(СОТА).

бекованы колхоз өндірісінің қабілетті басшысы және ұйымдастырушысы ретінде сыпаттады.

Будан кейін сөз сөйлеген колхоз комсомол ұйымының секретары Латипжан

ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы қарсаңында

ЖАРЫС ҚЫЗА ТҮСУДЕ

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының ССРО Жоғарғы Советінің сайлауын өткізу туралы Указының жариялануы каладағы «Прогресс» артелі коллективінің арасында зор өндірістік өрлеу туғызды.

Артель коллективі үстіміздегі жылдың алғашқы күндерінен бастап, өндірістік жоспарды мерзімінен бұрын орындау жолындағы күрес қарқынын үдете түсуде. Әсіресе, Филиппов жолдас басқарған праяник жасау цехы өнім сапасын арттырумен қатар сменалық норманы 120 процент орындап келеді. Аталған цехтың коллективі сайлау қарсаңындағы социалистік жарысқа ұштаса отырып, өндірістің өнімнің барлығын сауда орындарына жоғары сортты етіп тапсыруға міндеттеніп отыр. Сол сияқты, Герасименко жолдастың басқаруындағы карамель жасау цехының коллективі де праяник жасаушылардан қалыспай келеді.

Сайлау құрметіндегі вахтаға тұрған аталған екі цехтың коллективі және шұжық жасау цехының бригадасы (бригадирі Водик жолдас) сменалық жоспарларын соңғы күндері 140—150 процентке дейін орындап жүр.

Артель коллективінің осылай қажырлылықпен еңбек етуі нәтижесінде үстіміздегі айдың 15 күнінің жоспары мерзімінен бұрын орындалды. Сөйтіп, айына 405 мың сомның өнімін шығарудың орнына, артель көзіндік өзінде 250 мың сомның тәтті тағамдарын өндіріп, сауда орындарына тапсырды.

Сайлау күні қарсаңындағы вахтаға тұрған тәтті тағам жасаушылар бұдан былай да қарқына-қарқын қоса отырып, өнім сапасын үнемі бірінші сортты етіп шығару, өнімнің өзіндік құнын өткен жылдағыдай 8 процент емес, одан екі есе артық кеміту жолындағы социалистік жарысты одан әрі өрістеті бермек.

М. БЕЛГІБАЕВ.

САЙЛАУ ҚҰРМЕТІНЕ

Облысымыздың еңбекшілері еліміздегі өкмет билігінің жоғарғы органын сайлау

